КАРАГАНДИНСКАЯ ДИСТАНЦИЯ ПУТИ ПОЛУЧИЛА ЭКОНОМИЮ 2,5 МЛН ТЕНГЕ ОТ ВНЕДРЕНИЯ ОДНОГО РАЦПРЕДЛОЖЕНИЯ 3 стр.


ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№10(2394) 12/02/2019 ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз


ДӘЙЕКСӨЗ

**Арман СҰЛТАНОВ,**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ – «ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ:

**«ВАГОНДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАН ШЫҒАРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖОЛАУШЫ ОРНЫ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІН ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ ЖАБУ ЖӘНЕ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДЫ ЖАҢАРТУ МАҚСАТЫНДА ҚОҒАММЕН «НҰРЛЫ ЖОЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНЫ ПАРКІН ЖАҢАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ»**

АҚПАРАТ

### ҚТЖ ҮЛЕСІ БАСЫМ

**Өткен жылы Қазақстан аумағы бойынша жүк айналымының 50%-дан астамын «ҚТЖ» ҰК»АҚ қамтамасыз еткен.**

Дерек бойынша 2018 жылы жалпы жүк айналымы 596066 млн тонна-км құраған, соның ішінде теміржол көлігі бойынша – 283 117,8 млн тонна-км жүк тасымалданған. Осылайша, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан көлік жүйесінің жүк айналымының 50%-ын қамтамасыз етіп отыр. Қазақстандағы темір жолдың ұзындығы 20 мыңнан астам шақырымды құрайды. Олардың сенімді және үздіксіз жұмыс істеуі жүк ағыны өсімі мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Темір жол инфрақұрылымын тиісті деңгейде күтіп ұстау үшін әр жыл сайын күрделі және ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізіліп тұрады.

2018 жылы мың шақырымнан астам жол жаңартылды, соның ішінде 867 км жолға күрделі жөндеу жүргізілді. 4600-ден астам бағыттағыш бұрма жөнделді. Осы жұмыстардың нәтижесінде жолдың беріктілігі мен сапасы артып отыр. Және де жолаушылар пойыздарының қозғалыс жылдамдығы 585 км, ал жүк пойыздарынікі 381 км артқан.

*Нұрбек БЕКЕН*

СОВЕЩАНИЕ

# ИТОГИ ПОДВЕДЕНЫ, ПРИОРИТЕТЫ ОБОЗНАЧЕНЫ

На совещании в АО «НК «Қазақстан темір жолы» под председательством руководителя компании Сауата Мынбаева обсуждены итоги работы за 2018 год и определены задачи на 2019-й.



**Асель ШАЙХЫНОВА**

По ключевым параметрам производственной деятельности 2018 год завершен с положительными итогами. Перевезено 283 миллиона тонн грузов, что на 11 миллионов тонн больше, чем в 2017 году. Транзит возрос на 10% и достиг свыше 17 миллионов тонн. Поездами перевезено около 18 миллионов пассажиров. Обновлено более 1 000 километров железнодорожного пути, в том числе капитально отремонтировано 867 километров.

При этом долговая нагрузка обусловила негативный финансовый результат по итогам года. В этой связи принимаются меры по эффективному использованию ресурсов, оптимизации затрат, обеспечению прозрачности процедуры закупок, повышению личной ответственности каждого руководителя.

Основными приоритетами деятельности компании продолжают оставаться обеспечение безопасности инфраструктуры и безопасности движения. Эти два сегмента, помимо инвестиций, требуют постоянного внимания и адаптации к изменяющимся условиям.

В числе первоочередных задач также обеспечение безопасных условий труда, достижение нулевого травматизма на производстве.

На совещании обозначены задачи на 2019 год по наращиванию объемов перевозок и развитию транзита. Для повышения эффективности деятельности и укрепления финансовой устойчивости обновляется стратегия развития, будут внесены изменения, касающиеся регуляторной среды, тарифной политики, упрощена организационная структура. В структуре АО «НК «ҚТЖ» останутся только профильные компании, связанные с основной деятельностью.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

ПЕРЕВОЗКИ

# ВЫСТРАИВАЯ МЕХАНИЗМ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Участники ежегодного общего собрания Казахстанской ассоциации перевозчиков и операторов вагонов (контейнеров) обсудили вопросы улучшения технологии взаимодействия субъектов на рынке железнодорожных услуг, обновления подвижного состава, а также повышения эффективности использования вагонов.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*

Учитывая важность рассматриваемых вопросов и необходимость принятия выверенного, сбалансированного с интересами экономики страны решения, в собрании приняли участие первый заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов, руководители и специалисты Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК, Министерства финансов РК, Национальной палаты предпринимателей «Атамекен», СТК «KAZLOGISTICS», АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки», АО «KTZ Express» и АО «Қазтеміртранс», около 20 компаний собственников грузовых вагонов и 3 компании частных перевозчиков.

Генеральный директор КазАПО Илья Сегал заострил внимание участников на том, что в ушедшем году основная масса обращений и предложений была связана с появлением на рынке частных перевозчиков. Возникали также проблемы обеспечения перевозок подвижным составом и наблюдались затруднения в работе пограничных станций.

Обсуждено осуществление операторской деятельности: реализация пилотного проекта по доступу частных грузовых перевозчиков к услугам магистральной сети, принципы решения проблем операторских компаний во взаимоотношении с госорганами, АО «НК «ҚТЖ», соблюдение условий эксплуатации вагонов в Казахстане и за пределами страны.

– Проблемы, которые возникают в процессе работы с государственными и таможенными органами, должны решаться совместными усилиями. Нужно тщательно и детально подходить по всем вопросам проблемного характера, выстраивая долгосрочное партнерство на взаимовыгодных условиях, – отметил Канат Альмагамбетов.

По его словам, наболевшие вопросы необходимо проработать по пунктам, обсудить вопросы экспедиторского бизнеса, обозначить проблемные точки. А совместная встреча должна стать хорошим импульсом в работе.

Участники собрания отметили, что созданная совместно с госорганами НПП РК, СТК «KAZLOGISTICS», АО «НК «ҚТЖ», АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» схема взаимодействия бизнеса и власти позволяет достаточно эффективно, на системной основе решать задачи, поставленные Президентом страны перед Правительством и Национальной палатой в январских Посланиях 2017 и 2018 годов.

Также вместе с Национальной палатой, Союзом транспортников Казахстана и АО «НК «ҚТЖ» удалось существенно усовершенствовать механизм взаимодействия частного бизнеса с госорганами и национальной железнодорожной компанией, позволяющий при выработке и реализации государственной, технической и технологической политики учитывать их интересы. А благодаря отлаженной технологии взаимодействия в прошедшем году были исполнены все совместные с АО «НК «ҚТЖ» решения по поставленным проблемам предпринимателей.

В рамках встречи Канат Альмагамбетов вручил благодарственные письма за вклад в развитие железной дороги представителям компаний ТОО «Petrochemical Transportation Company» и ТОО «ТрансКом». Медалью «За верность делу» III степени награждена заместитель председателя правления ТОО «ТрансКом» Лариса Смирнова.

По итогам собрания поддержаны предложения участников, а также совместно определены дальнейшие действия на 2019 год.

ХАБАР-ОШАР

### АЙҚЫНДЫҚ ПЕН АШЫҚТЫҚҚА БЕТБҰРЫС

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚның селекторлық кеңесінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылықты бұлтартпау және алдын алу мәселелері күн тәртібінде қаралды.**

Жиынға өңірлік жүк тасымалы бөлімшелері, кадрлық және заң құрылымдық бөлімшелері, кәсіподақ ұйымдары басшыларымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдері қатысты.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басшысы Қайрат Сәуірбаев филиалдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылып жатқан жұмыстарға көңілі толмайтынын білдіре отырып, жемқорлық белгілеріне «нөлдік төзбеушілік», құқықтық сауаттылықты арттыру қажеттілігін атап өтті.

Сондай-ақ, құрылымдық бөлімшелер басшылары вагонның жасанды жетіспеушілігін болдырмауға, тасымалдау процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге тікелей жауапты екенін ескертті.

Қайрат Сәуірбаев, өңірлік темір жол бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығы анықталған жағдайда қатаң шара қабылданатынын, тіпті филиал жетекшілерімен еңбек шартын бұзуға дейін баратындарын атап өтті.

Бұдан былай «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның әрбір филиалында жүк жөнелтушілер мен қабылдаушылар, «Атамекен» ҰКП, «Нұр Отан» партиясы, прокуратура, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша ұлттық бюро өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел, семинарлар өтетін болады.

Еске сала кетсек, МҚІСҚА, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен ҚТЖ басшылығы бірлесе өткізген жиында, Ұлттық компания басшысы Сауат Мыңбаев, жақын күндері ұлттық компанияда мемлекеттік сатып алулар жүйесі жаңаша жұмыс істеп, сыбайлас жемқорлық қатерлері мейлінше төмендейтінін айтып өткен болатын.

*Ислам ТАЛҒАТ*

### ТИІМДІЛІГІМЕН ҚҰНДЫ

**Маңғыстау вагон пайдалану деposының экипировка бойынша бригадирі Асқар Жанатбаев ерекше рационализаторлық жоба ұсынды.**

Жолаушылар пойыздарындағы төменгі сөрелердегі бекіткіш газ пружиналардың қақпағын ойластырған ол ұсынысын арнайы комиссия алдында қорғап та үлгерген. Жобаның экономикалық тиімділігі 3 миллион теңгеден асып жығылады.

Жоба авторының пайымынша, Крюков вагон құрастыру зауытынан шыққан жолаушылар вагондарының төменгі сөрелерінде газ пружиналарының қалпағы пайдалану кезінде жиі істен шығып қалады екен. «Пластмасса материалдан жасалғандықтан одан әрі пайдалануға жарамай қалады. Жөндеуге де келмейді. Мұндай қалпақшалар бөлек шығарылмайды. Сондықтан, вагон пайдалану депосының қызметкерлері басқа амалын іздеген», – дейді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты ғылыми-техникалық аппарат орталығының басшысы Майра Өмірзақова.

Олқылықтың орнын толтыру мақсатында теміржолшылар газ пружиналары токарлық станоктарда диаметрі 33 мм дөңгелек болаттан жасауға болатынына көз жеткізген. Бұл рационализаторлық жоба қалпақшаларды алмастыру арқылы жаңасын жасап, шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

*Асқар АҚТІЛЕУ*

БҮГІНГІ САН

СОҢҒЫ 3,5 ЖЫЛДА

**85000 КМ**

ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІ МОБИЛЬДІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КЕШЕН КӨМЕГІМЕН ТЕКСЕРІЛГЕН

КӨКЕЙКЕСТІ

# САПАРЛАУ ЖОСПАРЛАУДАН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі таңда «Жолаушылар тасымалы» АҚ алыс-жақын шет мемлекеттерді қоспағанда, тек ел ішінде шамамен 50-ге тарта бағытта жолаушы пойыздарын жасақтап жүргізіп келеді. Соның ішінде 20 пайызы коммерциялық бағыттар құрайды.

**Асқар ИСАҚОВ,**
*Астана*

Қазақстанның о шеті мен бұ шетіне жолаушылап қыдырып, жаз айларында балашағаларымен еңбек демалысына аттанатындар, топ-топ болып той тойлап, ағайын аралап, одан қалды садақа мен асқа қысылжазы шұбырып жататын қазақтай халық кемде-кем. Оған қыс пен жаз сессияларын аяқтап, ауылдарына сабылатын студенттерді қосыңыз. Қысқасы, жолаушы жеткілікті. Олардың дені бұқаралық көлік – теміржолға иек артады.

Тасқолдағы тәуекелдерді назарға алғанда, бүгінгі күнде қар, күнде боран соғып жатқан қыстың көзі қырауда теміржол көлігіне деген сұраныс арта түсері анық. Осындайда пойызға билет іздеп, касса жағалағандар қатары екі есе артып кететіні рас. Арзан пойыздарға билет күні бұрын тез өтіп кетеді, ал қымбат бағалы жүрдек пойыздарға билет алуды екінің бірінің қалтасы көтере бермейді. Сондайда тамыртаныстың көмегіне жүгініп, бунысыз жерге пышақ ұрып, жолсеріктерді де, өздерін де ыңғайсыз жағдайда қалдырып жататындар аз емес. «Жолаушылар тасымалы» АҚ инстекторлары өткен жылдың 9 айында 7125 пойызды тексеріп, 448 билетсіз жолаушы, 38,1 тонна рәсімделмеген жүк және жүкбагажын анықтады. Билетсіз жолаушылардың тасымалдаған жолаушыларды жауапкершілікке тарту үшін 209 акті жасалып, 131 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Әрине кез келген жолаушы арзан да жайлы орындарға ие болуды қалайды. Бірақ компания билет бағасын өзі белгілемейтінін де қаперге алған жөн. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті темір жол тасымалы тарифін орынсыз көтеруге ешқашан жол бермейді. Оның үстіне жолаушылар тасымалы шығынды саналатындықтан, бұл мәселе барлық тараппен келісіле отырып, бюджет есебінен субсидиялау негізінде өз шешімін табады. 2018 жылдың 11 қыркүйегінен «Жолаушылар тасымалы» АҚ еліміз ішінде барлық бағыттарға динамикалық тарифтік басқару бағдарламасы бойынша бағаларды



реттеудің икемді жүйесін енгізді. Аталған жүйе билеттерді алдын ала жеңілдетілген бағамен сатып алудың ең тиімді тетігі және әлемдік тәжірибеден алынған ұтымды шешім болып табылады.

Ал енді билет бағасы қалай белгіленеді деген сұраққа жауап бере кетсек. Автоматтандырылған жүйе белгілі бағыттарға, нақты бір даталарға жолаушы ағыны мен сұранысты саралай келіп, өткен жылдардың деректерін пайдалана отырып, билет бағасын белгілеуге ұсыныс береді. Басты ескере кететін жәйт, әлі сатыла қоймаған билеттер бағасы олардың санына байланысты on-line режимде өзгереді. Сұраныс көп, ал билеттер саны аз болған жағдайда билеттерге баға да өсе түседі. Бағаны реттеудің икемді жүйесі клиенттер ниеттестігі бағдарламасын енгізу шеңберінде атаулы жеңілдікті беру арқылы жастар мен еге жастағы адамдар үшін жеңілдіктер жүйесін енгізуге мүмкіндік береді. Қазір әлемдегі барлық елдің жерүсті және әуе тасымалдаушылары осындай бағаларды реттеудің икемді жүйесін қолданып келеді. Жеңілдік көлемі бос орындар саны мен пойыздың жүруіне қанша күн қалғанына байланысты белгіленеді. Пойыздың жүрер күні жақындаған сайын және бос орындардың азая түсуімен билет бағасы да өсе береді. Дей тұрғанмен, билет құнының қымбаттауы оның 25% көлемінен аспайды. Ел ішіне сапарлауды жоспарлаған кезде билеттерді (билеттер сатылымға 45 тәулік қалғанда шығарылады) 25% жеңілдікпен сатып алуға мүмкіндік бар. Ал 2019 жылдың 11 қаңтары мен 28 ақпаны аралығында «Тұлпар-Тальго» пойыздарына билеттер тіпті 55% дейінгі жеңілдікпен сатылатынын қаперге сала кетейік. Заңнамаға сәйкес коммерциялық бағыттарға баға тасымалдаушылар тарапынан белгіленеді. Баға сұранысқа орай 35% дейін баруы мүмкін. Бұл жерде жолаушы ағыны мен бағыттың сұранысы да есепке алынады. Коммерциялық пойыздарға билеттер сатудан түскен қаржы ішкі қажеттіліктерге: компанияны дамытуға, процестерді автоматтандыруға, вагондар паркін жаңартуға және жолаушылар сервисі жақсартуға жұмсалады.

Бүгінгі таңда билеттердің 66% интернет арқылы сатылса, 2020 жылға қарай оның деңгейін 90% жеткізу көзделіп отыр. Бұл ретте жедел қызмет көрсету және өте ыңғайлы ету бағытында bilet.railways.kz сайты билеттер сатып алу үшін айтарлықтай жетілдірілді. Демек, сапарыңызды күні бұрын жоспарлап, билетке де ертерек тапсырыс берсеңіз, ұтарыңыз көп.

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ДИАГНОСТИКА – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша теміржол желісінің техникалық жағдайы басты назарда.**

2015 жылдың қыркүйегінен 2018 жылдың желтоқсанына дейін мобильді-диагностикалық кешенмен 85 мың шақырымнан астам теміржол желілері тексерілген.

Тексеру қорытындысы бойынша 900-ден астам ақаулы рельс уақытылы және шұғыл ауыстырылған. Мобильді-диагностикалық кешен деректері негізінде жол инфрақұрылымдарын жөндеу және қызмет көрсету бойынша шұғыл шешімдер қабылданады. Бұл техникалық шешімдер қабылдау процесін шапшаңдатып, пайдалану шығындарын қысқарта түспек.

2019 жылы магистральдық желілерді айына екі рет диагностикалау үшін қосымша кешендер сатып алу, ескі жабдық – дефектоскоптардың санын 240 бірлікке төмендету, жол инфрақұрылымының жай-күйін бағалау кезінде адам факторының әсерін болдырмау жоспарланып отыр.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## ЖАҢА ЖОБАЛАР – ҮНЕМ КӨЗІ

**Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінде былтыр ұсынылған жүзден астам рационализаторлық ұсыныстың экономикалық тиімділігі 3,2 млн теңгеге бағаланып отыр.**

Жоба ұсынған 104 рационализатордың шамамен әрбір үшіншісі – 30-ға толмаған жас теміржолшылар. 102 жоба екінші деңгейлі техникалық кеңеспен мақұлданып отыр. Жалпы, бөлімше бойынша жақсы көрсеткіштерге қол жеткізгендердің көшін Ақтөбе, Қандыағаш, Шалқар белгі беру және байланыс дистанциялары бастап тұр. Сонымен қатар, «Вагонсервис» АҚ жолаушылар вагондарын жөндеу жөніндегі «Батыс» филиалы мен Ақтөбе, Бершүгір, Шалқар жол дистанцияларын атап өтуге болады.

Ақтөбедегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығының басшысы Майра Өмірзақованың айтуынша, Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің филиалдарында қызметкерлер өздерінің ғана емес, өзге әріптестерінің де мақұлданған рационализаторлық ұсыныстарын тәжірибеге енгізіп келеді. «Былтыр 34 техникалық жаңашылдық енгізу жоспарланды, іс жүзінде 30 жаңашылдық енгіздік. Олардың дені ақпарат көздерінен алынды. Таралымы көбейтілген 28 техникалық жаңашылдықтан экономикалық тиімділік 66,25 мың теңгеге бағаланған», – дейді ол.

Ақтөбе локомотив пайдалану депосы, мысалы, Қызылорда ТЧЭ-34 депосынан «Электр энергиясын үнемдеу мақсатында датчик орнату» жобасын алып, өндірісте пайдалана бастаған. Бұл жаңашылдық 37 мың теңге үнемдеуге мүмкіндік берген. Ақтөбе ЛВЧДр-5 өз жұмысында Балхаш ВЧД-14 вагоншыларының төл туындысы – «Вагонды құрамнан ағытпай-ақ автотіркемесін тасымалдау және алмастыруға арналған қондырғы» жобасын пайдалану арқылы қаржы үнемдеп отыр.

*Бекбол ҚҰЛДАН, Ақтөбе*

## БЕЛАҒАШ БЕКЕТІНДЕГІ БЕРЕКЕЛІ ТІРЛІК



**Семей теміржолына қарасты Семей-Локоть телімінің 605,2 шақырымында орын тепкен 4-ші класты Белағаш станциясы – шағын болса да өзіндік салмағы бар бекет.**

Жүк түсіру мен тиеуде маусымдық сипат басым болғанымен, аталмыш станция қозғалыс қызметін реттеуде маңызды рөл атқарады.

Жалпы көлемі 119,7 шақырым болатын Семей-Локоть телімінің дәл ортасында орын тепкен осынау аралық станцияның техникалық анықтамасы тым күрделі. Себебі, бес қабылдау-жөнелту жолдарын қоса алғанда 10 жол, екі маневрлік аудан бар. Сондай-ақ, станцияға қарасты 16 бағыттамалы бұрмалардың барлығы да орталықтандырылған. Бұл сипаттама 4-ші класты станция үшін тым ауқымды жұмыс қалыптастырады. Кірме жолдардағы қозғалыс әсіресе күз бен қыс мезгілдерде арта түседі. Басты әріптестер «Семей-АгроИнвест» пен «АвантажОйл» сынды серіктестерге бірінші кезекте сапалы қызмет көрсетіледі. Вагондар негізінен осы екі мекемеге жүк тиеу мен түсіру үшін жиналады. Әйтсе де, станция қызметкерлерінің негізгі міндеті – осында аялдайтын жолаушылар пойыздары мен жүк пойыздарын қабылдап, аттандыру, қозғалыстар барысын реттеу. Бұл ретте жылжымалы құрамдардың келу-кету уақытының жиілігі жоғары. Дегенмен жергілікті теміржолшылар кестеден ауытқымай үлгерімді жұмыс жүргізуде. Алайда, жүк тиеу мен түсіру ісінде ішінара біршама мәселелер туындайтыны бар. Себебі сол, маневрлік тепловоздарды Семей станциясынан алдырады. Яғни, әрбір вагон мен әр минут есептеулі деген сөз. Осынау орайда, маневрлік жұмыстар аясында локомотивке тапсырыс Семейдегі диспетчерлерге алдын ала беріледі.

– Негізінен жергілікті тұрғындарды қамтамасыз ету мақсатында көмірді көптеп түсіреміз. Елді мекен өте үлкен. Сонымен қатар, аграрлы аудан болғандықтан жергілікті шаруалар үшін жанар-жағармай да теміржол арқылы жеткізіледі. Жергілікті мұнай базасына да қызмет көрсетеміз. Ал, тиелетін жүктен ауылшаруашылық өнімдері мен астық дақылдары, құрама жемнің үлесі мол. Биыл жоспарлы межелер арта түспек. Себебі, «СемейАгроИнвест» ЖШС ұнқұрамажем комбинатын салып, қолданысқа бермек. Бұл ретте іргелес аудандар шаруалары толық біздің қызметімізге жүгінеді, – дейді орда бұзар отыз жастағы станция бастығы Ерғанат Төлебаев.

Шағын станцияда небәрі жеті теміржолшы еңбек етеді. Барлық жұмысқа сол жеті адам үлгеріп жатыр. Бүгінде Белағаш бекетіндегі берекелі тірлік жалғасуда, қарағайлы орман ішінде болғандықтан бүгінде қармен күреске ден қойған.

*Қуаныш ҚОЖАЕВ, Белағаш*

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

# БАЛҚАШТЫҚТАР БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС

«Станция бастығының жылы» болып жарияланған өткен жыл қортындысы бойынша Қарағанды жүк тасымалы бөлімшесі бойынша Балқаш станциясының бастығы Аманжол Омаров 1-орынды иеленді. Өйткені, Балқаш станциясының білікті басшысының жұмысты ұтымды ұйымдастыра білуімен қатар, еңбекқор ұжымның арқасында өткен жылдың сандық және сапалы көрсеткіштері табысты орындалды.



**Сұлугүл БАКЕСОВА**

Мәселен, былтыр вагондарға жүк тиеу жоспары 5254 вагонға асыра орындалып, меже 136,4% жетіп жығылса, тоннаға шаққандағы жүк тиелімі 333754 тоннаны немесе 137,2% құрады. Десе де, бұл көрсеткіштер алдыңғы жыл деңгейіне қарағанда, 13% көлемінде кем болыпты. Оған себеп, күкірт қышқылы цехындағы пештің жөндеуге тұруы екен. Статистикалық жүктеме де 62,11 т/вагонның орнына 62,48с т/вагонды құрап, жоспар жүз пайыздан асырылса, жүк түсірілімі 4196 вагонға немесе 2% артық орындалған. Жергілікті вагонның тоқтап тұру уақыты да кеміген. Ал бір жүк операциясы кезінде вагонның тұруына қатысты жоспар 119% орындалған. Станция арқылы өңделмей өтетін транзиттік вагондардың кідіру уақыты да оңтайландырылып, жоспарда берілген 2,85 сағаттың орнына бұл көрсеткіш 2,56 сағатты құраған. Меже – 110%. Станцияда қайта өңделіп жөнелтілетін транзиттік вагондардың кідіруі де кемітіліп, жоспар 106% орындалған. Вагонайналым көрсеткіші де көтеріңкі екен.

«Жүк шаруашылығында тасымалданған жүктің сақталуын қамтамасыз ету барысында қандай да бір келеңсіз жағдайлар болған жоқ. Өткен жылдың он екі айында Балқаш-1 станциясының жүк бөлімі қызметкерлерімен пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты 35 тексеру жүргізіліп, жүк цехтарының еңбеккерлеріне 30 техникалық сабақ өткізілді. Техникалық сабақтарды әдетте тиісті бұйрыққа сәйкес станция бастығы мен оның логистика жөніндегі орынбасары өткізеді. Станцияда ревизорлар ескертулері кітабы ЦФ-3504 Станциялық және коммерциялық есепті жүргізу нұсқамасына сәйкес жүргізіліп тұрады. Тексерістер нәтижесі бойынша анықталған кем-кетіктерді жоюға қатысты келесі бақылаудың жазбалары жазылды. Өткен жылы пойыздарды қабылдау, жөнелту, өткізу және маневрлік жұмыстарды іске асыру барысында қозғалыс қауіпсіздігі және вагон паркінің сақталуы толық қамтамасыз етілді. Станция еңбеккерлерінің жұмысы тікелей пойыздар қозғалысымен байланысты болғандықтан, қауіпсіз жұмыс істеу, техникалық құралдардың істен шығуының алдын алу, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға қатысты «Вагондарды қауіпсіз түсіру», «Жылжымалы құрамды бекіту», «Пойыздарды құрастырушы – маневрлер басшысы», «Назар аударыңыз, тежегіш табандық» сынды түрлі айлықтар өтіп, оған ұжым болып белсенді қатысып келеміз», – дейді станция қызметкері Оксана Глазкова.

Оның айтуынша, еңбек қорғау жағдайы да көңіл қуантарлық. Былтыр өндірістік жарақаттану жайттары болмаған. Әрбір жұмыс орнында «Еңбек қорғау бұрышы» бар. Ол қажетті нормативті құжаттармен, бұйрықтармен, еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша лауазымдық міндеттер нұсқамаларымен жабдықталған. Балқаш станциясы бойынша 2018-2019 жылдардың қыс маусымында алғаш жұмыс істеуге 18 адам түсіпті. Олар қатал маусымда жұмыс істеудің қыр-сырымен жетік таныса отырып, тәжірибелі мамандар қасына бекітілген. Балқаш станциясында қоймаға келіп түсетін арнайы киімдер мен аяқ киімдер және жеке қорғану құралдарының сапасына бақылау жүргізетін комиссия құрылған. Десе де, қауіпсіз еңбек үшін қажет жағдайды жасауда еңбеккерлерді сапалы арнайы киімдермен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бүгінгі күннің негізгі проблемаларының бірі болып қалуда екен.

КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ

# ТАБЫС КІЛТІ – КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» АҚ Шымкент филиалы өткен жылды табысты аяқтады. Тасымалдағы жүктер мен күзетілетін нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ел қазынасына 200 миллиондай пайда табыс келтірген.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*

Шымкент және Қызылорда жүк тасымалдау бөлімшелерімен жасалған келісімшартқа сәйкес, тапсырыс берушілердің тарапынан тасымалданатын жүктердің 100 пайыз қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Мекеме бір жылда 110 мыңнан артық пойызды күзет қызметімен қамтамасыз еткен.

– 2018 жылдың соңғы екі айында біздің филиал аздап қиыншылықтарға тап болды. Себебі, Өзбекстан теміржолы пойыздарын алып үлгермеуіне байланысты, бізді локомотивсіз қалдырған тастанды пойыз құрамалары болды. Мысалы, аптасына екі жол бөлімшесінде 60-тан аса жүк пойызы тұрып қалды. Станцияаралық Маяқұм, Аққұм, Шиелі мен Түркістан, Шымкент пен Арыс, Арыс пен Сарыағаш жолдарында осындай тастанды пойыздар көбейіп кетті. Десе де, команда басшыларының, біздің мекеме күзетшілерінің әрдайым қадағалап, жүктердің қауіпсіздігін тексеріп тұруының арқасында ол пойыздардың «мұрты да бұзылмай» аман-есен діттеген жеріне жөнелтілді, – дейді «ӘТЖК» АҚ Шымкент филиалы директорының міндетін атқарушы Бақтияр Амалдықов.




Әскерилендірілген темір жол күзетінсіз Қазақстан темір жолының жүк тасымалын қауіпсіз дей алмаймыз. Сол үшін күзет қызметіне кез келген адам жұмысқа алынбайды, конкурс талабы қатаң. Жұмысқа қабылдауда әскерде болған, шыныққан жас азаматтарға көбірек көңіл бөлінеді, өйткені бұл салада жұмыс істеу қиын да қауіпті. Бахтияр Қаратайұлының айтуынша, жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтау, ұжымдық келісімшарт талаптарында бірінші кезекте қаралады.

2018 жылы өндірістік қауіпсіздік шарттары толық сақталған, жұмысшылар тарапынан ешқандай төтенше жағдай орын алған жоқ. Сонымен қатар, жоспарға сай күзетшілерге қосымша сабақтар өткізіліп, одан басқа жоспардан тыс нұсқаулар беріліп, олардың біліктілігі тексеріліп тұрады. Жоғарыдағы жақсы көрсеткіштер осының арқасы деп санайды филиал басшысы.

– Біз Сексеуіл станциясы арқылы Ақтөбе филиалымен шекараласпыз, ал Қоскөлде жаңадан салынған Сексеуіл теміржолы аралығында Қарағанды филиалымен шекараласпыз. Шығысымызда Түлкібас станциясы арқылы Тараз қаласы филиалымен шекараласпыз. Ең бастысы, мемлекетаралық түйіспе Сарыағаш станциясынан Өзбекстан теміржолына тасымалданатын жүктер өткіземіз. Түйіспе станция болғаны үшін әр уақытта Өзбекстан теміржолшыларымен, Сарыағаш теміржолшыларымен жүктерді шығынсыз өткізуге әрекет етеміз. Жұмыс жоғары деңгейде ұйымдастырылған, командалар саны жеткілікті. Бір ғана Шымкентте – Шымкент мұнай өңдеу зауыты, Текесу станциясы, Қазығұрт жанармай станциясынан тасымалданатын жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырмыз, – деді филиал директорының орынбасары – директордың міндетін атқарушы Б. Амалдықов.

Шымкент филиалында барлығы 1500-ден аса күзетші еңбек етеді екен. Теміржолдағы бір минут та толас таппайтын қозғалыспен ілесіп жүріп жұмыс істейтін күзетшілер үшін күн мен түн бірдей. Мәселен, бір ғана Арыс станциясы күніне 50-60 пойыз қабылдайды және соншасын жөнелтеді делік. Олардың бәріне күзет қызметін көрсетіп, вагондарды жеке-жеке тексеріп, қабылдап алып, шығарып салып, шекараға дейін ілеспе күзетпен барып, келесі филиал күзетіне тапсыратын күзетшілер еңбегі, сөз жоқ, қандай құрметке болсын лайық.

– Мысалы, сізге жүгіңізді жөнелту керек. Ол үшін келісімшартпен вагон алып, теміржолға тапсырасыз. Ал оның межелі жерге аман-есен жету жауапкершілігі біздің мойнымызда. Сол сияқты, елімізден транзиттік контейнер пойыздар көп өтеді. Бұл дегенің – өзге мемлекеттер біздің мемлекетке сенеді деген сөз.

Демек, сол сенімді ақтау – біздің міндетіміз, – дейді Б.Амалдықов күзет қызметінің маңызын бір ауыз сөбен түйіндеп.

Алып-қосарымыз жоқ. Яғни, жүк тасымалы сенімді қолда деген сөз.

*Суретті түсірген автор*

СЕРВИС

# ЖҮК БӨЛІМІНЕ ЖҮГІНГЕН ЖӨН

Шу станциясының теміржол бекеті ғимаратында орналасқан жүк бөлімі – тәп-тәуір табыс көзін түсіріп отырған құрылым. Бүгінгі таңда мұнда барлығы 17 адам екі ауысымда еңбек етуде. Олар 1 аға жүк кассирі, 4 жүк кассирі, 5 жүк тасушы, 4 тапсырысты қабылдаушы-жіберуші және 1 трактор жүргізушісі.



**Динара БАТЫРХАИРОВА,**
*Шу*

Жалпы, бір адамға 35 келіден аспайтын жүкті өзімен бірге жолаушылар вагонында алып жүруге рұқсат етіледі, ал одан асып кетсе, жүкті жүк вагонында алып жүруі заңды. Бірақ барлық пойыздарда жүк вагондары бола бермейтіні белгілі. Сол себептен, кей кездері жүк вагондары бар пойыздарды күту қажеттігі туындайды. Осындай сәтте жолаушылардың заттары жүк бөлімінде сақталады және ол діттеген жеріне жеткен соң, егер иесі кешігетіндей жағдай бола қалса, сол жердегі жүк бөлімінде бір тәулік бойы тегін тұрады.

Жүк бөлімінің қызметі, осындай көлемді де қомақты жүктерді жүк бөліміне ресімдеп, оларды қабылдап алу, тиісті адресат бойынша жүк вагондарына тиеп жөнелтумен айналысады. Кассирлер жүкті өлшеп, тиісті тариф бойынша тасымалдау құнын шығарып, есеп-қисап жасаса, негізгі жұмысты жүк қабылдап-жөнелтушілер атқарады.

Өткен жылы жүк бөлімі жалпы саны 1267 орынға айына 24 тонна 603 кг, бір жылда 14553 орынға 301 тонна 456 кг жүк жөнелткен. Оның ішінде Шу станциясынан 827 орынға 32158 тонна жүк, 1060 орынға 30594 ауыр жүк шығарылған. Транзиттік жүкке келер болсақ, жыл ішінде 3844 орынға 82266 тонна жүк, 8937 орынға 145182 ауыр жүк шығарылған.

Дегенмен, бүгінгі таңда халықтың бір бөлігі жүк жіберуде жүк тасымалы бөлімінің қызметінен гөрі жолсеріктер арқылы заңсыз жолмен беріп жіберуді әдетке айналдыруы табыс көзінің төмендеуіне негіз болып отырған көрінеді. Мұның басты себебі, қарапайым халықтың темір жол қызметін жеткілікті деңгейде пайдалана білмеуі деп айтуға болады. Егер, кез келген азамат жүк тасымалы үшін теміржолдың жүк бөліміндегі тиімді тариф көлемін білетін болса, жолсеріктердің соңынан жүгірмес пе еді. Сондықтан, келешекте бұл қызметтің тиімділігін тұрғындар арасында кеңінен насихаттап, оларды өз қадамдарын заңды жолмен жүзеге асыруға шақыра отырып, жүк жөнелтуде теміржолдың жүк бөліміне жүгінуге шақырған жөн дер едік.

Тарифке келер болсақ, мысалы, Шудан Луговой станциясына дейін жолаушымен бірге жүретін, сол вагонда өзінің қасында тұратын жүктің салмағы 35 келіден асқан жағдайда әрі қарай 10 келіге 39 теңгеден есептеледі. Ал, жолаушының билетпен мінген пойызында жүк вагоны болмаса, жүгін сол бағыттағы басқа пойызға сала алады. Мұндай жағдайда оның салмағы 50 келіден асатын болса әрі қарай 10 келісіне 49 теңге және жүк вагоны бар пойыздардың жүру уақытына қарай жолаушыдан бұрын немесе кейін жетуі де мүмкін. Сондай-ақ, жолаушы өзі билет алмай, жүк вагонына тек жүкті ғана салатын болса, бағасы екі есе жоғарылап, 87 теңгені құрайды. Бұл – тек Шу-Луговой станцияларының аралығындағы тариф көрсеткіші. Тариф көлемі елді мекендердің арақашықтығына қарай белгіленіп, өзгеріп отыратынын да назарда ұстаған жөн.

*Суретті түсірген автор*

РАЦИОНАЛИЗАЦИЯ

# В ТРЕНДЕ – ЭКОНОМИЯ

В Карагандинском регионе по итогам 2018 года признаны рационализаторскими и внедрены 120 новаторских разработок.

**Светалана МОГАЙ,**
*Караганда*



Как сообщил начальник Центра научно-технической информации и анализа Карагандинского отделения магистральной сети Сапар Жазыбаев, плановый показатель по получению экономического эффекта от внедрения рацпредложений составил 858 тысяч тенге, фактически же было получено около 3 миллионов тенге. Число рационализаторов-железнодорожников по области составило 95 человек.

– В прошлом году при плане 113 внедрено 120 рацпредложений. Особенно хотелось отметить Карагандинскую дистанцию пути, которая получила около 2,5 миллиона тенге экономии от внедрения рацпредложения «МКТ-Ледорез», автором которого является бывший заместитель директора Карагандинского отделения магистральной сети Бахтарбек Жунусов, находящийся в настоящее время на заслуженном отдыхе, – рассказывает Сапар Жазыбаев. – Для решения проблемы по исключению подтопления железнодорожных путей в период разлива озера Карасор и исключения угрозы разрушения пути и искусственных сооружений необходимо было произвести взрывные работы, стоимость которых оценивается в сумму около двух миллионов тенге. Решили справиться собственными силами, применив ковшетно-траншейную машину для нарезки льда, при этом сократив трудовые ресурсы и топливо.

Также по итогам работы 2018 года в сфере рационализаторской деятельности хотелось бы отметить ШЧ-23 Балхаш, где было внедрено 11 рацпредложений, ВЧДЭ-13 Караганда – 8, ШЧ-22 Жанаарка внедрено 12 рацпредложений. Таким образом, вышеназванные предприятия перевыполнили свои плановые показатели. В них трудятся 27 новаторов.

Как отметил Сапар Жазыбаев, из года в год улучшается качество и содержание подаваемых рационализаторских предложений.

Что касается внедрения технических новшеств, заимствованных из информационных источников, то здесь тоже отработали хорошо. При плане 41 внедрено 49 новшеств и получен экономический эффект в размере миллион триста тысяч тенге. В том числе количество внедренных новшеств из числа тиражируемых рацпредложений составило 48. Необходимо отметить новшество, внедренное ПЧ-26 Акадыр, ПЧ-27 Балхаш и ПЧ-28 Жанаарка на тему «Установка для проверки и регулировки форсунок для дизельных двигателей» с общим экономическим эффектом 637,5 тысячи тенге.

В 2018 году также отмечены и достижения самого начальника Центра научно-технической информации и анализа Карагандинского отделения магистральной сети Сапара Жазыбаева. За совместную и плодотворную работу с образовательными учреждениями аким Карагандинской области вручил ему премию и почетную грамоту.

*Фото автора*

ДОСТИЖЕНИЯ



# ДЕПО С ИСТОРИЕЙ

Курорт-Боровское эксплуатационное локомотивное депо – старейшее на трансказахской железнодорожной магистрали. Оно основано 30 сентября 1927 года и расположено в богатом своей природой крае.

**Сауле КУСАИНОВА,**
*Кокшетау*

Руководит им с января 2016 года Кажыбек Нашанов. Он начал свою трудовую деятельность в электроцехе локомотивного депо Аягуз в 1981 году учеником слесаря, после пять лет проработал помощником машиниста и машинистом тепловоза. В его трудовой книжке – работа бригадира по ремонту тепловозов, сменного мастера, старшего мастера депо, инженера производственно-технического отдела. До 2016 года был представителем президента АО «Локомотив» по южному региону.

